

**«Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы»  
мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
Жамбыл филиалы**

**Филиал туралы мәлімет**

«Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жамбыл филиалының тарихы:

1. Халық депутаттарының Алматы облыстық Советі атқару комитетінің 23.07.1981 жылғы № 14-350 шешімінің және Халық депутаттарының Жамбыл аудандық Советі атқару комитетінің 03.08.1981 жылғы № 15-246 шешімінің негізінде Жамбыл, Қаскелең, Күрті аудандарының мекемелері, ұйымдары, кәсіпорындарының құжаттарының сақталуын қаматамасыз ету мақсатында 1 тамыз 1981 жылы Ұзынағаш ауылында Алматы облыстық мұрағатының филиалы ашылды.

2. «Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 28.05.2018 жылғы № Б-47 бұйрығының негізінде «Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ұзынағаш филиалының атауы «Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Жамбыл филиалы болып өзгертілген.

3. 2011 жылдың қазан айында филиалда сақталған 33 қор – 6695 сақтау бірлігі Алматы облысының мемлекеттік архивіне өткізілді

4. «Алматы облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік мұрағаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 06.01.2014 жылғы № 06-Б бұйрығының негізінде «Алматы облысының мемлекеттік мұрағаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Қарасай филиалы құрылды. Осы бұйрықтың негізінде Ұзынағаш филиалынан 94 қор бойынша 18575 сақтау бірлігі Қарасай филиалына тапсырылды.

5. Филиалдың штат саны – 9.

6. Филиал қызметінің мәні мен мақсаттары: заңмен белгіленген тәртіпте ұлттық құндылық ретінде танылып, Алматы облысының Жамбыл ауданында

орналасқан және филиалдың жинақтау көздеріне жататын мекемелердің, ұйымдардың, барлық меншік түрлеріндегі кәсіпорындардың іс-әрекетінде қалыптасқан айрықша тарихи, ғылыми, әлеуметтік және мәдени маңызы бар құжаттарды сақтау мен пайдалану болып табылады.

Филиал қызметінің мақсаты Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорын толықтыру, қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктерін қанағаттандыру, азаматтардың заңды құқықтары мен мүдделерін жүзеге асыруға бағытталған жұмыстар кешенін жүргізу.

Филиал мақсатқа қол жеткізу үшін мынандай қызмет түрлерін жүзеге асырады: Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры құжаттарын және басқа архивтік құжаттарды белгіленген тәртіпте сақтауға алуға іріктеу және қабылдау; архивтік құжаттарды жинақтау; филиалда сақтауда жатқан құжаттардың мемлекеттік есебін жүргізу; сақтауға алынған құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету; сақтауда жатқан құжаттардың іс жүзінде пайдалануын ұйымдастыру; жеке және заңды тұлғалардан түскен әлеуметтік-құқықтық, тақырыптық сұраныстарды орындау; белгіленген тәртіпте «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» мемлекеттік қызметін көрсету; құжаттарды сақтаудың оңтайлы жағдайын жасау және олардың физикалық сақталуын қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды жүргізу; Филиалдың жинақтау көздері - мекемелердің іс жүргізушілік, архивтік және сараптамалық қызметіне әдістемелік көмек көрсету; архив құжаттарындағы ақпаратты анықтау және құжаттарды басып шығару, көрме ұйымдастыру, теледидар мүмкіндіктері арқылы архив құжаттарындағы ақпараттарды пайдалану.

## 7. Қор және құжаттар саны:

2024 жылдың 01 қаңтарындағы мәліметке сәйкес филиалда – 190 қордың 61806 сақтау бірліктерінің сақталуын және пайдалануын қамтамасыз етіледі.

Филиалға өткен құжаттардың ішінде Жамбыл ауданының ауылдық атқару кеңесінің, аудан әкімі аппаратының, селолық, ауылдық округтер әкімі аппараттарының, жұмыспен қамту орталығының, колхоз, совхоздардың, аудандық аурухананың және т.б. мекемелердің құжаттары бар.

Филиалда Ұлы Отан соғысы ардагерлері – Д. Бабажановтың, К. Садыковтың, М. Хабиевтің, Ж. Куренбековтың, К. Ахметовтың, О. Талысбаевтың, Қазақстан Жазушылар Одағының, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, Президент стипендиясының үш мәрте, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалінің иегері, Мәдениет саласының үздігі, суырып салма дарынымен танылған айтыскер, республикалық телевизиялық ақындар айтысының тұңғыш лауреаты, белгілі айтыскер ақын Е.С. Жақыпбековтың, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі, Қазақстанның Құрметті журналисті, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ы. Алтынсарин төс белгісінің иегері, Қызылорда қаласының Құрметті азаматы И.А. Карымсаковтың құжаттары сақталында.

## 8. Жинақтау көздерінің саны - 44

Филиал ғимараты 1960 жылы салынған.

Филиалдың мекен жайы: «Алматы облысының мәдениет, архивтер  
және құжаттама басқармасы» мемлекеттік  
мекемесінің «Алматы облысының мемлекеттік  
архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
Жамбыл филиалы  
Мажитов көшесі, 3,  
Ұзынағаш ауылы,  
Жамбыл ауданы,  
Алматы облысы,  
Индекс: 040600,  
Телефон: 8 (72770) 2-25-30  
E-mail: [arhivuzun@mail.ru](mailto:arhivuzun@mail.ru)

**Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау уақыты:**

Күнделікті: дүйсенбі – жұма күндері

08:00-ден 17:30-ға дейін

Түскі үзіліс: 12:30-дан 14:00-ге дейін

Демалыс күндері: сенбі - жексенбі